

	«М.Қозыбаев атындағы СҚУ» КЕАҚ НАО «СҚУ им. М. Козыбаева»	СҚУ ІНҚ 140 ВНД СҚУ 140	Басылым: бірінші Издание: первое	14 беттің 1 беті Стр. 1 из 14
---	--	----------------------------	-------------------------------------	----------------------------------

БЕКІТЕМІН



«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КЕАҚ

Басқарма Төрағасы – Ректор

Е. Исақиев

« 15 » 09 2025 ж.

«М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ «Foundation» факультетінде тыңдаушыларды конкурстық іріктеуден өткізу және факультет қызметін ұйымдастыру ТӘРТІБІ

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

- 1.1. «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ (осы Тәртіп) «Foundation» факультетінде тыңдаушыларды конкурстық іріктеуден өткізу және факультет қызметін ұйымдастыру осы Тәртіп құжаттарды қабылдауды, университеттің мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша тыңдаушыларды оқуға конкурстық іріктеуін өткізуді, тыңдаушыларын қабылдануды, сондай-ақ «Foundation» факультетте қызметін ұйымдастыруды реттейді.
- 1.2. Осы Тәртіп «Foundation» факультет қызметкерлерінің жұмыстарында нұсқаулық үшін міндетті.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

- 2.1. Осы құжат келесі нормативтік құжаттарда айтылған талаптар мен қағидалардың есепке алынуымен әзірленген:
 - 1) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
 - 2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 554 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдерінің қызметін ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағида);
 - 3) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 268 бұйрығымен бекітілген, Білім туралы құжаттарды тану қағидалары (бұдан әрі – Білім туралы құжаттарды тану қағидалары);
 - 4) «М. Қозыбаев ат. Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ Жарғысы;
 - 5) СҚУ ПРО 403-25 Қызметтік құжаттама.

3. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

- 3.1. Тәртіпте келесі белгілер мен қысқартулар қолданылды:
 - 1) ҒЖБМ – Ғылым және жоғары білім министрлігі;
 - 2) Университет – «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғам.

4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 4.1. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша «Foundation» факультетіне Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктерді, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын қазақ ұлты адамдарды және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарды оқуға қабылдау Университеті өткізген конкурстық іріктеудің нәтижелері бойынша өткізіледі.
- 4.2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 2- тармағына сәйкес оқыту алғаш рет жүзеге асырылатын болса, талапкерге мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша тегін білім беріледі.
- 4.3. Университеттің «Foundation» факультетіне ақылы негізде оқуға қабылдауды Университет дербес жүзеге асырады.
- 4.4. Ақылы білім беруге қабылдау конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады. «Foundation» факультетінің тыңдаушылары үшін оқу ақысын төлеудің мөлшері мен тәртібі нормативтік құқықтық актілерге және білім беру қызметтерін көрсету шартына сәйкес белгіленеді.
- 4.5. Foundation факультетіне оқуға қабылдау және оқу тілі қазақ тілінде жүргізіледі.

5. КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУГЕ ҚАТЫСУ ҮШІН ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

- 5.1. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау «Foundation» факультетімен күнтізбелік жылдың 5 тамызынан 5 қыркүйекке дейін жүзеге асырылады.
- 5.2. Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдар көрсетілген мерзімде қағаз түрінде Университеттің «Foundation» факультетіне немесе skgu.foundation@bk.ru электронды поштасы арқылы электронды түрде тізімге сәйкес құжаттарды жіберу қажет:
 - электрондық немесе қағаз түрінде қабылдау туралы өтініш (қосымша 1);
 - жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі немесе қағаз нұсқасы, нотариат куәландырған аудармасы (тексеру мақсатында ғана);
 - білім туралы құжаттың және оған қосымшаның электрондық көшірмесі немесе қағаз нұсқасы және мөрдiң аудармасын қоса алғанда, нотариат куәландырған сканерленген аудармасы егер құжат толығымен шет тілінде болған жағдайда;
 - шетелге оқуға баратындар үшін өтініш берушінің тұрғылықты елінің денсаулық сақтау саласындағы ресми органы берген медициналық анықтама.
- 5.3. Қазақстан Республикасының азаматтары көрсетілген мерзімде Университеттің «Foundation» факультетінің Қабылдау комиссиясына қағаз түрінде немесе skgu.foundation@bk.ru электронды поштасы арқылы электронды түрде төмендегі құжаттарды жіберу қажет:
 - электрондық немесе қағаз түрінде қабылдау туралы өтініш (қосымша 2);
 - жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);
 - жалпы орта, кәсіптік бастауыш (техникалық және кәсіптік), кәсіптік орта (орта білімнен кейінгі) білім туралы құжаттың және оған қосымшаның электрондық көшірмесі немесе қағаз нұсқасы;
 - 075/у медициналық анықтама.
- 5.4. Ұсынылған құжаттарды «Foundation» факультетінің қызметкерлері құжаттарды тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Тәртіптің 5.2 және 5.3-тармақтарына сәйкестігін тексереді.

Ұсынылған құжаттар осы Тәртіптің талаптарына сәйкес болса, құжаттарды тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде, «Foundation» факультеті құжаттарды тапсыруды тіркеу кезінде көрсетілген электрондық поштаға өтінішті хабарлама арқылы жібереді.

Ұсынылған құжаттар осы Тәртіптің талаптарына сәйкес келмесе, оқуға түсішулерге құжаттарды тіркеуден бас тарту туралы хабарлама жіберіледі.

Оқуға түсу үшін құжаттарды тіркеуден бас тарту туралы хабарлама алынғаннан бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысу үшін қайта тіркеу жүргізіледі.

5.5. Құжаттарды қабылдағаннан және өңдегеннен кейін «Foundation» факультетінің қызметкерлері мынадай құжаттарды қайтарып береді немесе электрондық мекенжайларына жібереді:

- құжаттың қабылданғаны туралы түбіртек;
- анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін көрсете отырып, өтінішті тіркеу немесе толық емес, сенімсіз құжаттарды қабылдаудан дәлелді бас тартқаны жайлы хабарлама.

5.6. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар оқуға түскеннен кейін Білім туралы құжаттарды тану қағидаларына сәйкес тану рәсімінен өтеді.

6. КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУДІ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

6.1. Конкурстық іріктеуді өткізу үшін Басқарма Төрағасы – Ректордың бұйрығымен Университет оқытушылары мен «Foundation» факультетінің қызметкерлері қатарынан қабылдау комиссиясы құрылады. Комиссия құрамынан ашық дауыс беру арқылы комиссия төрағасы сайланады. Комиссия мүшелерінің саны оның төрағасын қоса алғанда тақ болып табылады.

6.2. Конкурстық іріктеуді қабылдау комиссиясы күнтізбелік жылдың 10-15 қыркүйегі аралығында өткізеді.

6.3. Конкурстық іріктеуді өткізу кестесін, өткізілетін күнін, уақыты мен орнын қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және Университеттің ресми сайтында <https://ku.edu.kz/> жариялау арқылы құжаттарды қабылдау басталғанға дейін келіп түсушілердің назарына жеткізіледі.

6.4. Оқуға түсушілер Университет ішіндегі «Foundation» факультетінде конкурстық іріктеуден өтеді.

6.5. Конкурстық іріктеуден өту кезінде түсуші өзінің жеке басын куәландыратын құжатты және Foundation факультетімен шығарылған өтінішті тіркеу туралы хабарламаны ұсынады.

6.6. Қабылдау емтиханы оффлайн немесе онлайн форматта жүргізіледі. Онлайн формат шекарадан өтуге құжаттардың дайын болмауына байланысты емес өзге де мән-жайлар сияқты төтенше және айқын себептер бойынша Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын шетелдіктерге, ұлты қазақ адамдарға ұсынылады.

6.7. Қазақстан Республикасының азаматтары үшін конкурстық іріктеу екі пән бойынша тестілеу түрінде өткізіледі. Міндетті пән: ағылшын тілі. Таңдау бойынша қосымша пән (химия, биология, физика, информатика). Прокторинг жүйесі негізінде Moodle платформасында онолайн тапсырады.

6.8. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын шетелдіктер, ұлты қазақ адамдар және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдар үшін конкурстық іріктеу әңгімелесу түрінде өткізіледі. Конкурстық іріктеу материалдарын (әңгімелесу сұрақтары) «Foundation» факультетінің қызметкерлері әзірлейді. «Foundation» факультетінің деканы бекітеді.

	«М.Қозыбаев атындағы СҚУ» КЕАҚ НАО «СҚУ им. М. Козыбаева»	СҚУ ІНҚ 140 ВНД СҚУ 140	Басылым: бірінші Издание: первое	14 беттің 4 беті Стр. 4 из 14
---	--	----------------------------	-------------------------------------	----------------------------------

- 6.9. Әңгімелесуді өткізу күнін, уақытын және орнын қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және Университеттің ресми сайтында <https://ku.edu.kz> /жариялау арқылы құжаттарды қабылдау басталғанға дейін түсушілердің назарына жеткізіледі.
- 6.10. Бір күн бұрын әңгімелесу басталғанға дейін Комиссия мүшелері талапкерлердің санына сәйкес «Foundation» бөлімінен төмендегі құжаттарды алады:
 - белгіленген формадағы Комиссия отырысы хаттамасының үлгісі;
 - сұрақтар салынған конверт;
- 6.11. Талапкер онлайн-сұхбат басталғанға дейін тұрақты интернет байланысының болуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ ресми сұхбат өткізу талаптарына сәйкес келетін орынды дайындауға міндетті: жарықтың болуы, тыныштық, бөгде адамдардың және қарым-қатынастың сапасына әсер етуі мүмкін өзге де факторлардың болмауы
- 6.12. Әңгімелесуге талапкер жеке басын куәландыратын құжаттын және тіркелгендігі жайлы хабарламаны көрсеткеннен кейін жіберіледі.
- 6.13. Әңгімелесу бейне және аудио жазба арқылы жүргізіледі.
- 6.14. Комиссия мүшелері әңгімелесуге қатысушыны веб-камера арқылы бақылайды.
- 6.15. Комиссия мүшелері талапкердің алдын-ала алынған жеке куәлігінің көшірмесін немесе интернет платформа арқылы алынған бейне суреті бар жеке басын куәландыратын басқа да құжаты арқылы сәйкестендіреді.
- 6.16. Әңгімелесу басталғанға дейін талапкерге әңгімелесуді өткізу тәртібі түсіндіріледі, әңгімелесудің басталу және аяқталу уақыты, нәтижелерін жариялау уақыты мен орны көрсетіледі.
- 6.17. Әңгімелесу уақытына дайындық шараларына бөлінетін (сәлемдесу, әңгімелесуге қатысушыға брифинг беру) уақыт кірмейді.
- 6.18. Әңгімелесу кезінде Комиссия мүшелері талапкердің мынадай ережелерді сақтауын қамтамасыз етуге міндетті:
 - әңгімелесу кезінде талапкер веб-камераның көріну диапазонынан шықпауы керек, ештеңеге алаңдамауы, микрофонды өшірмеуі немесе оның дыбыстық деңгейін төмендетпеуі керек;
 - өздігінен жауап беруі керек;
 - жанында үшінші тұлғаның болуына тыйым салынады;
 - байланыс құралдарын, фото, аудио және бейне жабдықтарды, анықтамалық материалдарды, жазбаларды және өзге де ақпарат сақтаушы не беруші құралдарды қолдануға тыйым салынады.
- 6.19. Талапкер мынадай жағдайларда әңгімелесуге қатысудан шеттетіледі немесе жіберілмейді:
 - талапкердің жеке басын куәландыратын құжат деректеріне (фотосуретіне) сәйкес келмесе;
 - талапкер осы Тәртіпте көзделген талаптарды бұзған жағдайда.
- 6.20. Әңгімелесу кезінде 10 минуттан астам уақыт интернетке қосыла алмаса, байланыс үзілсе немесе интернет сигналдары әлсіресе, Комиссия әңгімені жалғастыру немесе басқа уақытқа ауыстыру туралы шешім қабылдайды және бұл туралы талапкерге хабарлайды.
- 6.21. Интернет қосылымы сапасыз болып, әңгімелесуге қатысушыдан аудио - бейне жауап болмаған жағдайда Комиссия хатшысы «Әңгімелесуді мерзімінен бұрын аяқтау туралы акт» жасайды. Мұндай қатысушыға күнтізбелік жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірмей әңгімелесуден қайта өту мүмкіндігі беріледі.
- 6.22. Әңгімелесуге қатысушының жауабы қанағаттанарлықсыз деп бағаланса, әңгімелесуді қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.
- 6.23. Балдары бірдей болған жағдайда талапкердің аттестатының немесе дипломының орташа балы ескеріледі.

	«М.Қозыбаев атындағы СҚУ» КЕАҚ НАО «СҚУ им. М. Козыбаева»	СҚУ ІНҚ 140 ВНД СҚУ 140	Басылым: бірінші Издание: первое	14 беттің 5 беті Стр. 5 из 14
---	---	--	---	--

- 6.24. Комиссияның қорытынды шешімі ашық дауыс беру негізінде Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.
- 6.25. Комиссияның әңгімелесуді бағалауы мен оның нәтижелерін шығару күнтізбелік жылдың 15 қыркүйегінен кешіктірілмей аяқталуы тиіс.
- 6.26. Конкурстық іріктеуді өткізу қорытындылары Ф СҚУ 403-03-25 нысаны бойынша комиссияның хаттамасымен ресімделеді және оған комиссия төрағасы және қатысып отырған барлық комиссия мүшелері қол қояды.
- 6.27. Қабылдау комиссиясының хаттамасы негізінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша тыңдаушыларды қабылдау туралы шешім шығарылады және күнтізбелік жылдың 25 қыркүйегіне дейінгі мерзімде конкурстық іріктеуден өткен Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдардың және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдардың назарына жеткізіледі.
- 6.28. Университет конкурстық іріктеуді аяқталған күні оның нәтижелерін Қазақстан Республикасы ҒЖБМ жолдайды.

7. ТЫҢДАУШЫЛАРДЫ ҚАТАРҒА ҚАБЫЛДАУ

- 7.1. Мемлекеттік білім беру тапсырысы (гранттар) бойынша «Foundation» факультетіне оқуға конкурс нәтижесінде ең жоғары балл жинаған талапкерлер, бөлінген гранттар шегінде қабылданады.
- 7.2. Ақылы негізде қабылдауды әңгімелесу нәтижелері бойынша қабылдау комиссиясы, және де білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасалғаннан кейін және Университетке төлемақы төлегеннен кейін жүргізеді.
- 7.3. «Foundation» факультетіне Дайындық бөлімі тыңдаушылары қатарына қабылдауды Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректорының бұйрығымен күнтізбелік жылдың 25-28 қыркүйегі аралығында қабылданады.
- 7.4. Университет тыңдаушыларды оқуға қабылдаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде «Foundation» факультеті қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесін ҒЖБМ-не ұсынады.

8. ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

- 8.1. «Foundation» факультетінде оқыту тек күндізгі нысанда жүзеге асырылады, қашықтықтан білім беру технологиялары тек осы Тәртіптің 8.3 тармағында көрсетілген жағдайларда ғана қолданылады.
- 8.2. Білім беру үдерісі бекітілген академиялық күнтізбеге байланысты 1 қазанынан басталып, 30 маусымға дейін 9 ай мерзімінде жүзеге асады.
- 8.3. «Foundation» факультетінің тыңдаушылары үшін қашықтықтан оқыту келесі жағдайларда қолданылады:
 - 1) дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы болған жағдайда;
 - 2) растайтын құжаттарды ұсына отырып, бала туылған кезде, бала үш жасқа толғанға дейін оны асырап алу;
 - 3) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын, оқу жылы ішінде тұрғылықты жері бойынша кеткен және шекараның жабылуы, карантин жариялануы себебінен және оларға байланысты емес өзге де мән-жайлар бойынша қайтып оралуға мүмкіндігі жоқ ұлты қазақ адамдар үшін ұсынылады.
- 8.4. «Foundation» факультетінің тыңдаушылары Қазақстан Республикасы ҒЖБМ ОӘБ бекіткен типтік оқу жоспары бойынша оқытылады.
- 8.5. «Foundation» факультетінің тыңдаушыларын жатақханамен қамтамасыз етеді.

	«М.Қозыбаев атындағы СҚУ» КЕАҚ НАО «СҚУ им. М. Козыбаева»	СҚУ ІНҚ 140 ВНД СҚУ 140	Басылым: бірінші Издание: первое	14 беттің 6 беті Стр. 6 из 14
---	---	--	---	--

- 8.6. Оқуды аяқтағаннан кейін тыңдаушыларға оқуды аяқтағаны туралы сертификат беріледі.
- 8.7. «Foundation» факультетінің тыңдаушыларын оқудан шығару мынадай жағдайларда жүргізіледі:
 - 1) тыңдаушының өз еркімен оқудан шығу туралы өтініші бойынша;
 - 2) Университеттің ішкі Тәртібін бұзуы негізінде.
- 8.8. Тыңдаушыны Университеттен шығару Университеттің Басқарма Төрағасы – Ректорының бұйрығымен ресімделеді, оның көшірмесі оқудан шыққан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы ҒЖБМ-не жіберіледі.
- 8.9. Университет жыл сайын күнтізбелік жылдың 15 шілдесінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігіне «Foundation» факультетінің өткен кезеңдегі жұмысы туралы қорытынды есеп береді.
- 8.10. Университет «Foundation» факультетінің тыңдаушыларының статистикалық және паспорттық есебін (шетел азаматтарын визалық қамтамасыз ете отырып) жүргізеді.

9. ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

- 9.1. Осы Тәптіпке өзгерістер мен толықтыруларды бекіту тәртібі ПРО СҚУ 401-20 рәсімімен айқындалған ішкі нормативтік құжаттамамен анықталады.
- 9.2. Осы Тәптіпке өзгерістер мен толықтырулар бойынша ұсыныстар енгізуді Тәптіпті орындауға тартылған факультеттер, кафедралар және құрылымдық бөлімшелер, Басқарма, Ғылыми кеңес жүзеге асырады.
- 9.3. Тәптіпке өзгерістер енгізу «М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КЕАҚ Басқарма Төрағасы - Ректорының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

ПОРЯДОК

проведения конкурсного отбора слушателей и организации деятельности факультета «Foundation» НАО «Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева»

1. ОБЛАСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ

- 1.1. Настоящий Порядок проведения конкурсного отбора слушателей и организации деятельности факультета «Foundation» НАО «Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева» (далее – Порядок) регламентирует прием документов, порядок проведение конкурсного отбора слушателей для обучения по государственному образовательному заказу, порядок зачисления слушателей, а также организацию деятельности на факультете «Foundation».
- 1.2. Настоящий Порядок обязателен для руководства в работе сотрудниками факультета «Foundation».

2. НОРМАТИВНЫЕ ССЫЛКИ

- 2.1. Настоящий Порядок разработан в соответствии с:
 - 1) Законом Республики Казахстан «Об образовании»;
 - 2) Правилами организации деятельности подготовительных отделений организаций высшего и (или) послевузовского образования Республики

	«М.Қозыбаев атындағы СҚУ» КЕАҚ НАО «СҚУ им. М. Козыбаева»	СҚУ ІНҚ 140 ВНД СҚУ 140	Басылым: бірінші Издание: первое	14 беттің 7 беті Стр. 7 из 14
---	--	----------------------------	-------------------------------------	----------------------------------

Казахстан, утвержденными приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 30 декабря 2011 года № 554 (далее - Правила);

- 3) Правилами признания документов о высшем и послевузовском образовании, утвержденными приказом Министра науки и высшего образования Республики Казахстан от 12 июня 2023 года № 268;
- 4) Уставом НАО «Северо-Казахстанский университет им. М. Козыбаева».
- 5) ПРО СҚУ 403-25 Служебная документация.

3. ОБОЗНАЧЕНИЯ И СОКРАЩЕНИЯ

3.1. В Порядке использованы следующие обозначения и сокращения:

- 1) МНВО – Министерство науки и высшего образования;
- 2) Университет – некоммерческое акционерное общество «Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева».

4. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

- 4.1. Прием граждан Республики Казахстан, иностранцев, лиц казахской национальности, не являющихся гражданами Республики Казахстан, и лиц без гражданства, постоянно проживающих в Республике Казахстан, для обучения на факультете «Foundation» по государственному образовательному заказу осуществляется по результатам конкурсного отбора, проводимого Университетом.
- 4.2. Поступающему предоставляется бесплатное обучение по государственному образовательному заказу, если образование им получается впервые в соответствии с п. 2 статьи 8 Закона Республики Казахстан «Об образовании».
- 4.3. Прием на обучение на факультете «Foundation» Университета на платной основе осуществляется Университетом самостоятельно, по результатам конкурсного отбора. Размер и порядок оплаты обучения для слушателей факультета «Foundation» устанавливаются в соответствии с договором о предоставлении образовательных услуг.
- 4.4. Прием на обучение на факультет «Foundation» осуществляется на казахском языке.

5. ПРИЕМ ДОКУМЕНТОВ ДЛЯ УЧАСТИЯ В КОНКУРСНОМ ОТБОРЕ

- 5.1. Прием документов от слушателей для участия в конкурсном отборе осуществляется в приемной комиссии факультета «Foundation» в период с 5 августа по 5 сентября календарного года.
- 5.2. Иностранцы, лица казахской национальности, не являющиеся гражданами Республики Казахстан, и лица без гражданства, постоянно проживающие в Республике Казахстан в указанный срок предоставляют в приемную комиссию факультета «Foundation» на бумажном носителе или в электронном формате по электронной почте на адрес skgu.foundation@bk.ru перечень документов:
 - заявление о приеме в электронном или бумажном формате (приложение 1);
 - электронную копию или бумажный вариант документа, удостоверяющего личность и нотариально заверенный перевод (только для сверки);
 - электронную копию или бумажный вариант документа об образовании с приложением к нему сканированного нотариально засвидетельствованного перевода документа полностью на иностранном языке, включая перевод печати.
 - медицинскую справку для выезжающего на обучение за рубеж, выданную официальным органом здравоохранения страны проживания претендента.

- 5.3. Граждане Республики Казахстан в указанный срок предоставляют в приемную комиссию факультета «Foundation» на бумажном или электронном формате по электронной почте на адрес skgu.foundation@bk.ru следующие документы:
- заявление о приеме в электронном или бумажном формате (приложение 2);
 - документ удостоверяющий личность, либо электронный документ из сервиса цифровых документов (требуется для идентификации личности);
 - электронную копию или бумажный формат документа о среднем общем (общем среднем), начальном профессиональном (техническом и профессиональном), среднем профессиональном (послесреднем) образовании и приложения к нему;
 - медицинскую справку по форме 075/у.
- 5.4. Представленные документы проверяются приемной комиссией факультета «Foundation» на соответствие пунктам 5.2 и 5.3 настоящего Порядка в течение трех рабочих дней со дня регистрации документов.
- При соответствии представленных документов требованиям настоящего Порядка в течение трех рабочих дней со дня регистрации документов приемная комиссия факультета «Foundation» направляет уведомление о регистрации заявления на электронную почту, указанную при подаче документов.
- При несоответствии представленных документов требованиям настоящего Порядка поступающему направляется уведомление об отказе в регистрации документов.
- Повторная регистрация для участия в конкурсе осуществляется в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления об отказе в регистрации документов.
- 5.5. После приема и обработки документов приемная комиссия факультета «Foundation» Университета выдают нарочно либо направляют на электронные почтовые адреса поступающих следующие документы:
- расписку о приеме документов;
 - уведомление о регистрации заявления либо мотивированный отказ в приеме неполных либо недостоверных документов.
- 5.6. Документы об образовании, выданные зарубежными организациями образования, проходят процедуру признания в соответствии с Правилами признания документов об образовании после зачисления на обучение.

6. ПОРЯДОК ПРОВЕДЕНИЯ КОНКУРСНОГО ОТБОРА

- 6.1. Для проведения конкурсного отбора приказом Председателя Правления – Ректора создается приемная комиссия из числа преподавателей Университета и работников факультета «Foundation». Из состава комиссии путем открытого голосования избирается председатель комиссии. Количество членов комиссии является нечетным, включая его председателя.
- 6.2. Конкурсный отбор проводится приемной комиссией в период с 10 по 15 сентября календарного года.
- 6.3. Расписание проведения конкурсного отбора, дата, время и место проведения, утверждается председателем приемной комиссии и доводятся до сведения поступающих до начала приема документов посредством публикации на официальном сайте Университета <https://ku.edu.kz/>.
- 6.4. Поступающие проходят конкурсный отбор на факультете «Foundation» Университета.
- 6.5. При прохождении конкурсного отбора поступающий предъявляет документ, удостоверяющий его личность, и уведомление о регистрации заявления, выданного факультетом «Foundation».

	«М.Қозыбаев атындағы СҚУ» КЕАҚ НАО «СҚУ им. М. Козыбаева»	СҚУ ІНҚ 140 ВНД СҚУ 140	Басылым: бірінші Издание: первое	14 беттің 9 беті Стр. 9 из 14
---	--	----------------------------	-------------------------------------	----------------------------------

- 6.6. Порядок приема проводится в форме собеседования оффлайн либо онлайн. Онлайн формат рекомендуется для иностранцев, не являющихся гражданами Республики Казахстан, а также лиц казахской национальности, в случае чрезвычайных и при наличии уважительных и объективных причин, не связанных с отсутствием или неподготовленностью документов, необходимых для пересечения государственной границы.
- 6.7. Конкурсный отбор для граждан Республики Казахстан проводится в форме тестирования по двум предметам. Обязательный предмет — английский язык. Дополнительный предмет по выбору (химия, биология, физика или информатика) сдается онлайн через систему прокторинга на платформе Moodle.
- 6.8. Конкурсный отбор для иностранцев, лиц казахской национальности, не являющиеся гражданами Республики Казахстан, и лиц без гражданства, постоянно проживающих в Республике Казахстан проводится в виде собеседования. Материалы конкурсного отбора (вопросы для собеседования) разрабатываются сотрудниками факультета «Foundation» и утверждается деканом факультета «Foundation».
- 6.9. Дата, время и место проведения собеседования утверждаются председателем приемной комиссии и доводятся до сведения поступающих до начала приема документов посредством публикации на официальном сайте Университета <https://ku.edu.kz/>.
- 6.10. За один день до начала собеседования члены Комиссии по числу поступающих получают в факультете «Foundation»:
 - образец протокола заседания Комиссии, согласно установленной форме;
 - конверт с вопросами.
- 6.11. Поступающий обязан до начала онлайн-собеседования обеспечить наличие стабильного интернет-соединения, а также подготовить помещение, соответствующее требованиям проведения официального собеседования: наличие освещения, тишина, отсутствие посторонних лиц и иных факторов, способных повлиять на качество общения.
- 6.12. Поступающий допускается к собеседованию при предъявлении документа, удостоверяющего личность и уведомления о регистрации документа.
- 6.13. Собеседование осуществляется под видео и аудио запись.
- 6.14. Члены Комиссии через вебкамеру осуществляют наблюдение за участником собеседования.
- 6.15. Члены Комиссии идентифицирует личность поступающего по копии заранее полученного удостоверения личности, либо другого документа, удостоверяющего личность с видеоизображением поступающего через платформу.
- 6.16. До начала собеседования поступающим объясняется порядок проведения собеседования, указываются время начала и окончания собеседования, время и место объявления результатов.
- 6.17. В продолжительность собеседования не включается время, отведенное на подготовительные мероприятия (приветствие и инструктаж участника собеседования).
- 6.18. Во время проведения собеседования члены Комиссии обязаны обеспечить соблюдение поступающими следующих правил:
 - во время собеседования поступающий не должен покидать зону видимости вебкамеры, отвлекаться, выключать микрофон или снижать его уровень чувствительности;
 - отвечать самостоятельно
 - запрещается присутствие третьих лиц в помещении;

	«М.Қозыбаев атындағы СҚУ» КЕАҚ НАО «СҚУ им. М. Козыбаева»	СҚУ ІНҚ 140 ВНД СҚУ 140	Басылым: бірінші Издание: первое	14 беттің 10 беті Стр. 10 из 14
---	--	----------------------------	-------------------------------------	------------------------------------

- запрещено иметь при себе средства связи, фото-, аудио- и видеоаппаратуру, справочные материалы, письменные заметки и иные средства хранения и передачи информации.
- 6.19. Поступающий отстраняется либо не допускается к собеседованию в следующих случаях:
 - поступающий не соответствует данным (фото) документа удостоверяющего личность;
 - поступающий допустил нарушение требований, предусмотренными настоящим Порядком.
- 6.20. В случае прерывания интернет-связи или ослабления сигналов интернета более 10 минут в ходе проведения собеседования, Комиссия принимает решение о его продолжении или переносе на другое время, о чем оповещает поступающего.
- 6.21. В случае некачественного интернет-соединения и отсутствия аудио - видео ответа участника собеседования секретарь Комиссии составляет «Акт о досрочном завершении собеседования». Такому участнику предоставляется возможность повторно пройти собеседование не позднее 15 сентября календарного года.
- 6.22. При неудовлетворительном оценивании ответа участника собеседования повторное собеседование (пересдача) не допускается.
- 6.23. В случае одинаковых показателей баллов учитываются высокие средние баллы аттестата, свидетельства или диплома поступающего.
- 6.24. Окончательное решение Комиссией принимается на основании открытого голосования большинством голосов от общего числа членов Комиссии.
- 6.25. Оценивание собеседования Комиссией и подведение итогов должны завершиться не позднее 15 сентября календарного год.
- 6.26. Итоги проведения конкурсного отбора оформляются протоколом комиссии по форме Ф СКУ 403-03-25 и подписывается председателем комиссии и всеми присутствующими членами комиссии.
- 6.27. На основании протокола приемной комиссии выносится решение о приеме слушателей по государственному образовательному заказу и доводится до сведения граждан Республики Казахстан, иностранцев, лиц казахской национальности, не являющихся гражданами Республики Казахстан, и лиц без гражданства, постоянно проживающих в Республике Казахстан, прошедших конкурсный отбор в срок до 25 сентября календарного года.
- 6.28. Университет в день завершения конкурсного отбора направляет протокол заседания приемной комиссии в МНВО Республики Казахстан.

7. ЗАЧИСЛЕНИЕ СЛУШАТЕЛЕЙ

- 7.1. На обучение в факультет «Foundation» по государственному образовательному заказу зачисляются лица, набравшие наивысшие баллы по результатам конкурсного отбора, в пределах выделенных грантов.
- 7.2. Зачисление на платной основе проводится приемной комиссией по результатам собеседования, после оформления договора о предоставлении образовательных услуг и поступления оплаты в Университет.
- 7.3. Зачисление в число слушателей подготовительного отделения факультета «Foundation» производится приказом Председателя Правления – Ректора Университета с 25 по 28 сентября календарного года.
- 7.4. Университет в течение десяти рабочих дней со дня зачисления слушателей на обучение направляет копию приказа о зачислении на факультет «Foundation» в МНВО РК.

8. ОРГАНИЗАЦИЯ ОБУЧЕНИЯ

- 8.1. Обучение на факультете «Foundation» осуществляется только по очной форме обучения, дистанционные образовательные технологии применяются исключительно в случаях, указанных в пункте 8.3 настоящего Порядка.
- 8.2. Образовательный процесс осуществляется в зависимости от утвержденного академического календаря с 1 октября по 30 июня следующего года, на срок 9 месяцев.
- 8.3. Дистанционное обучение для слушателей факультета «Foundation» применяется в следующих случаях:
 - 1) при наличии заключения врачебно-консультативной комиссии;
 - 2) при рождении, усыновление (удочерение) ребенка до достижения им возраста трех лет с предоставлением подтверждающих документов;
 - 3) для лиц казахской национальности, не являющихся гражданами Республики Казахстан, выехавшие по месту жительства в течение учебного года и не имеющих возможности вернуться по причине закрытия границы, объявления карантина и иным, не зависящим от них обстоятельствам.
- 8.4. Слушатели факультета «Foundation» обучаются по типовому учебному плану, утвержденному УМО МНВО Республики Казахстан.
- 8.5. Слушатели факультета «Foundation» обеспечиваются общежитием.
- 8.6. По окончании обучения слушателям выдается сертификат об окончании обучения.
- 8.7. Отчисление слушателей факультета «Foundation» производится в следующих случаях:
 - 1) по заявлению об отчислении слушателя по собственному желанию;
 - 2) при нарушении Правил внутреннего распорядка Университета.
- 8.8. Отчисление слушателя из Университета оформляется приказом Председателя Правления – Ректора Университета, копия которого в течение трех рабочих дней со дня отчисления направляется в МНВО Республики Казахстан.
- 8.9. Университет ежегодно, не позднее 15 июля календарного года, представляет в МНВО Республики Казахстан итоговый отчет о работе факультета «Foundation» за прошедший период.
- 8.10. Университет ведет статистический и паспортный учет слушателей факультета «Foundation» (с визовым обеспечением иностранных граждан).

9. ПОРЯДОК ВНЕСЕНИЯ ИЗМЕНЕНИЙ И ДОПОЛНЕНИЙ

- 9.1. Порядок утверждения изменений и дополнений к данному Порядку определен процедурой ПРО СҚУ 401-23 Внутренняя нормативная документация.
- 9.2. Внесение предложений по изменениям и дополнениям данного Порядка осуществляют факультеты, кафедры и структурные подразделения, задействованные в исполнении Правил, Правление, Ученый совет.
- 9.3. Внесение изменений в Порядок осуществляется на основании приказа Председателя Правления – Ректора НАО «СҚУ им. М. Козыбаева».

**ҚҰРАСТЫРҒАН/
РАЗРАБОТАНО:**

«Foundation» факультетінің деканы/
Декан факультета «Foundation»



Г. Хамзина

	«М.Қозыбаев атындағы СҚУ» КЕАҚ НАО «СКУ им. М. Козыбаева»	СҚУ ІНҚ 140 ВНД СКУ 140	Басылым: бірінші Издание: первое	14 беттің 12 беті Стр. 12 из 14
---	--	----------------------------	-------------------------------------	------------------------------------

**КЕЛІСІЛДІ/
СОГЛАСОВАНО:**

Қабылдау және рекрутинг кеңсесінің жетекшісі/
Руководитель офиса приема и рекрутинга



Г. Оспанова

Стратегия және даму департаментінің директоры/
Директор департамента стратегии и развития



М.Погребицкая

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы COMPLAINT-қызметінің жетекшісі/
Руководитель Антикоррупционной COMPLAINT-службы



И. Джамалединова

Заң бөлімінің жетекшісі/
Руководитель юридического отдела



Л. Кудрицкая

Институционалдық жобалар бөлімінің жетекшісі/
Руководитель отдела институциональных проектов



Е. Брындина

	«М.Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ НАО «СҚУ им. М. Козыбаева»	СҚУ ІНҚ 140 ВНД СҚУ 140	Басылым: бірінші Издание: первое	14 беттің 13 беті Стр. 13 из 14
---	--	----------------------------	-------------------------------------	------------------------------------

1-қосымша
Приложение 1

_____ оқу жылына
«Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ
Foundation факультеті Дайындық бөліміне оқуға конкурсқа қатысушы
ҮМІТКЕРДІҢ ӨТІНІШІ

Категория	Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар
Тегі	
Аты	
Әкесінің аты <i>(шетел паспортта бар болған жағдайда)</i>	
Туған жылы, айы, күні	
Азаматтығы	
Жынысы	
Телефон нөмірі	
Е-mail адресі	
Ата-ананың бірінің телефон нөмірі <i>(қосымша байланыс үшін)</i>	
Қазақстанда тұратын жақын туысы немесе жауапты тұлғаның аты жөні, телефон нөмірі	
Оқуға түскен жағдайда жатақханадан орын қажет пе?	Иә / Жоқ <i>(тиісті жауаптың астын сызу)</i>
Оқу тілі	Қазақ
Оқу түрі	ГРАНТқа үміткер / Ақылы оқимын <i>(тиісті жауаптың астын сызу)</i>

Қолы

Күні

	«М.Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ НАО «СҚУ им. М. Козыбаева»	СҚУ ІНҚ 140 ВНД СҚУ 140	Басылым: бірінші Издание: первое	14 беттің 14 беті Стр. 14 из 14
---	--	----------------------------	-------------------------------------	------------------------------------

2-қосымша
Приложение 2

_____ оқу жылына
«Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ
Foundation факультеті Дайындық бөліміне оқуға конкурсқа қатысушы
ҮМІТКЕРДІҢ ӨТІНІШІ

Категория	Қазақстан Республикасының азаматтары тілдік курс
Тегі	
Аты	
Әкесінің аты	
Туған жылы, айы, күні	
Жынысы	
Телефон нөмірі	
E-mail адресі	
Ата-ананың бірінің телефон нөмірі (қосымша байланыс үшін)	
Тұрақты тіркеуі бойынша толық мекенжайы	
Емтихан үшін таңдау пәні	Ағылшын тілі + (бір пәнді таңдап, астын сызу) (Биология, Химия, Физика, Информатика)
Оқуға түскен жағдайда жатақханадан орын қажет пе?	Иә / жоқ (тиісті жауаптың астын сызу)
Оқу тілі	Қазақ

Қолы

Күні